

+

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
комитеті Қостанай облысының
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау департаменті)
республикалық мемлекеттік
мекемесі

**БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ**

Республиканское государственное
учреждение «Департамент
санитарно-эпидемиологического
контроля Костанайской области
Комитета санитарно-
эпидемиологического контроля
Министерства здравоохранения
Республики Казахстан»

**ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ**

ҚАУЛЫСЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

28.11.2020 г. № 58

Қостанай қаласы

город Костанай

**Қостанай облысының бас мемлекеттік
санитарлық дәрігерінің 5.11.2020 жылғы
№ 54 қаулысына өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

Қостанай облысының тұрғындары арасында «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 07 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 9, 36, 102, 104 және 107-баптарына сәйкес COVID - 19 (бұдан әрі-COVID-19) коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында, «Шығу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 130 бұйрығымен және «Шектеу іс-шараларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 239 Бұйрығымен, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 57 «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы», 2020 жылғы 23 қазандағы № 58 «Шектеу карантиндік шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» қаулыларымен және COVID-19 жағдайларының көп санының тіркелуіне байланысты **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қостанай облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің «Шектеу карантиндік шараларын қатаңдату туралы» 2020 жылғы 5 қарашадағы № 54 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 6 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«6. Осы қаулы 2020 жылғы 09 қараша сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді және 2020 жылғы 07 желтоқсан сағат 00:00-ге дейін қолданылады».

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қостанай облысының
бас мемлекеттік
санитарлық дәрігері**

В. Нечитайло